



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

Б. Мейірманов

Балқаш қаласы

№ *128*

город Балхаш

**Қолайсыз ауа райы метеожағдайында
1-ші ауысымдағы 0-4 сыныптарда
сабақты қашықтықтан оқыту
форматына ауыстыру туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 18 қаңтардағы №42 «Қолайсыз ауа райы метеожағдайларында орта білім беру ұйымдарында, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында сабақтарды тоқтату қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы, Қарағанды облысы білім басқарамсының 2022 жылғы 22 қазанда бекіткен «Қарағанды облысының білім беру мекемелерінде қолайсыз ауа-райы жағдайында сабақтарды тоқтату туралы Ұсыныстары» талаптарына сай қалалық білім бөлімінің 2022 жылғы 15 желтоқсандағы №375 бұйырығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2022 жылдың 15 желтоқсан күні метеостанцияның хабарламасы бойынша таңғы сағат 6.00 ауа температурасының -25°C болуына байланысты 1-ші ауысымның 0-4 сыныптарында сабақ қашықтықтан оқыту форматына ауыстырылсын.

2. Мектептің жұмыс істеуі өзгеріссіз, қалыпты режимде жүзеге асырылады. Сабақ тоқтатылған күндері мектептің қызметі бекітілген жұмыс режиміне, педагогтердің қызметі белгіленген оқу жүктемесіне, сабақ кестесіне, басқа қызметкерлердің қызметі жұмыс уақытының режиміне, ауысым кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

3. 0-4 сыныптар оқушылары, сынып жетекшілері мен пән мұғалімдерінің осы бұйрықпен танысуын қамтамасыз ету директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Л.К.Байжумановаға жүктелсін.

4. Сабақ тоқтатылған күндері сабаққа келген білім алушылар үшін сабақтың барлық түрлері (оқу, қосымша, үйірмелік жұмысы), ыстық тамақпен қамтамасыз ету бірінші басшы бекіткен және құрылтайшы келіскен сабақ кестесіне сәйкес толық көлемде жүргізіледі.

000124

5. Оқушылардың онлайн режимінде сабаққа қатысуын бақылауда ұсталсын.

6. Сабаққа келген оқушыларды қабылдау, оларды сабақтан кейін үйлеріне қауіпсіз қайтаруды жүзеге асыру сынып жетекшілеріне жүктелсін.


7. Сабақты тоқтату туралы бұйрық бекітілгеннен кейін тез арада мектептің ресми сайтында және ақпараттық стендінде орналастыруды директордың ақпараттандыру жөніндегі орынбасары Н.Ж.Нурмаганбетоваға жүктелсін.


8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директoр



К.Т.Рахимберлина

Бұйрықпен таныстым: 15.12.2022  Л.К.Байжуманова
(күні, қолы)

Бұйрықпен таныстым: 15.12.2022  Н.Ж.Нурмаганбетова
(күні, қолы)